

ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ САЯСАТЫ

Кіріспе бөлімі

«MyCar Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН: 191140031171 (бұдан әрі – «MyCar» немесе «біз»), Сіздің жеке өмірге қол сұғылмаушылық құқығыңызды барынша құрметтейді және Сіздің дербес деректеріңізді қорғауға толықтай міндеттенеді. Біз Сіздің дербес деректеріңіздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында барлық заңды құралдар мен шараларды қабылдайтынымызға кепілдік береміз және оны осы Құпиялылық саясатында (бұдан әрі – «Саясат») көзделген мақсаттарда қолданатынымызды мәлімдейміз.

Бұл Саясат дербес деректерді (осы Саясатта келтірілген анықтамаға сәйкес) қалай жинайтынымызды, пайдаланатынымызды және тасымалдайтынымызды түсіндіреді. Осы Саясат – Интернет желісінде http://mycar.kz/terms_of_use.pdf мекенжайы бойынша орналастырылған және/немесе қол жеткізуге болатын Пайдаланушы келісімінің (бұдан әрі – «Келісім»), сондай-ақ сізбен жасалған басқа да келісімдердің (соның ішінде өтінімдер, келісімдер және т.б. түріндегі) немесе Сізбен жасалуы мүмкін шарттардың ажырамас бөлігі болып табылатынын есте ұстаған жөн.

Осы сайтты немесе MyCar мобильді қосымшасын пайдалана отырып, сіз Саясатпен келісетініңізді білдіресіз және өз еркіңізбен және өз мүдделеріңіз үшін Дербес деректерді жинауға, жазуға, сондай-ақ Саясатта көзделген тәсілдермен өндеуге келісім бересіз. Құпиялылық саясатының талаптарымен келіспеген жағдайда, сіз MyCar Сайты мен Мобильді қосымшасын пайдалануды тоқтатуыңыз тиіс.

Бұл Саясат кез келген уақытта алдын ала ескертусіз, MyCar-дың қалауы бойынша, қажеттілікке байланысты немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес өзгертілуі мүмкін.

1. Терминдер мен анықтамалар

Дербес деректерді қалай, қандай мақсатта және қандай түрде жинайтынын, пайдаланатынын және сақтайтынын түсінуді жеңілдету үшін, сондай-ақ Саясатта қолданылатын кейбір терминдерді түсіну үшін біз оларды төменде келтірілген бөлек кестеге жинадық.

Термин/анықтама	Содержание термина/определения
MyCar/біз/бізге/біздің	«MyCar Group» ЖШС, БСН: 191140031171.
Сіз/Сіздің/Сізге/ Пайдаланушы	Сіз MyCar тиесілі сайтты және/немесе мобильді қосымшаны пайдаланатын, 18 жасқа толған Қазақстан Республикасының әрекетке қабілетті азаматы болып табылатын жеке тұлға ретінде.
Дербес деректер	Тізбесі Саясатта көрсетілген электрондық, қағаз және (немесе) басқа да материалдық жеткізгіште жазылған Сізге немесе Сіздің сенім білдірушіңізге қатысты ақпарат.
Сайт	http://mycar.kz/ интернет-сайты.
Мобильді қосымша	mycar.kz мобильді қосымшасы.
Пайдаланушы келісімі	Сайттың және мобильді қосымшаның жұмысын реттейтін немесе Сервистерді пайдалану тәртібін айқындайтын, http://mycar.kz/terms_of_use.pdf мекенжайында жарияланған қағидалар мен құжаттарды қамтитын құжат.

Жоғарыда көрсетілген кестеде қамтылмаған терминдер Пайдаланушы келісімінде көрсетілген мағынада қолданылады.

2. Дербес деректерді жинау және өңдеу мақсаттары

- Сайтты және/немесе Мобильді қосымшаны, MyCar немесе MyCar Серіктестерінің Сайттағы және/немесе мобильді қосымшамен интеграцияланған басқа да бағдарламалық өнімдерін пайдалану кезінде Сізді Пайдаланушы ретінде сәйкестендіру, оның ішінде мына мақсаттар үшін:

- MyCar-мен немесе MyCar Серіктестерімен мәмілелер жасасу;
- MyCar-мен немесе MyCar Серіктестерімен мәмілелерді жасасу және/немесе орындау үшін қажетті құжаттарды дайындау;
- MyCar техникалық қолдау алуға өтінім беру;
- MyCar Серіктестерінің көрсетілетін қызметтерін алуға/тауарларын сатып алуға өтінімдер беру;
- Хабарландыруларды орналастыру;
- оплаты штрафов, налогов, услуг и товаров MyCar и/или Партнеров MyCar.

- Сайтта және/немесе Мобильді қосымшада, Сайтпен және/немесе Мобильді қосымшамен интеграцияланған MyCar немесе MyCar Серіктестерінің өзге де бағдарламалық өнімдерінде құжаттарды толтыру процесін автоматтандыру, оның ішінде мемлекеттік дерекқорлардағы деректерді Сіз толтыратын немесе Сіз үшін толтырылатын құжаттарға көшіру;

- MyCar/MyCar Серіктестерінің Сіздің алдыңызда шарттық міндеттемелерін орындау;

- Сізге Сайттың және/немесе Мобильді қосымшаның ресурстарына (қызметтеріне), Сайтпен және/немесе Мобильді қосымшамен интеграцияланған MyCar немесе MyCar Серіктестерінің өзге де бағдарламалық өнімдеріне қолжетімділікті ұсыну;

- Сізге мемлекеттік цифрлық объектілерде, Сайтта және/немесе Мобильді қосымшада немесе MyCar немесе MyCar Серіктестерінің Сайтпен және/немесе Мобильді қосымшамен интеграцияланған өзге де бағдарламалық өнімдерінде қамтылған Сіздің Дербес деректеріңізге қолжетімділік беру;

- Сізге өз Дербес деректеріңізді мемлекеттік цифрлық объектілерден Сайтқа және/немесе Мобильді қосымшаға немесе Сайтпен және/немесе Мобильді қосымшамен интеграцияланған MyCar немесе MyCar Серіктестерінің өзге де бағдарламалық өнімдеріне көшіру мүмкіндігін ұсыну;

- Пайдаланушының олармен тиісті өзара іс-қимылын қамтамасыз ету мақсатында Дербес деректерді MyCar Серіктестеріне беру;

- Сізбен кері байланыс орнату, оның ішінде телефон қоңырауларын, хабарламалар жіберуді (оның ішінде SMS, WhatsApp, Telegram және өзге де мессенджерлерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей), Сайтты/Мобильді қосымшаны пайдалануға, қызметтер көрсетуге қатысты сұрау салуларды, Сайтты және/немесе Мобильді қосымшаны пайдалану барысында Сізден түскен сұрау салулар мен өтінімдерді өңдеуді, MyCar акциялары мен басқа да қызметтері туралы жарнамалық ақпарат жіберуді қоса алғанда, Сізбен коммуникациялар жүзеге асыру;

- Қауіпсіздікті қамтамасыз ету, алаяқтықты болдырмау үшін Сіздің құрылғыңыздың орналасқан жерін анықтау;

- Сіз ұсынған Дербес деректердің дұрыстығы мен толықтығын растау;

- Сайтты/Мобильді қосымшаны пайдалануға байланысты проблемалар туындаған кезде Сізге тиімді клиенттік және техникалық қолдау көрсету;

- Сізге қызметтердің жаңартуларын, арнайы ұсыныстарды, бағалар туралы ақпаратты, жаңалықтар жіберуді және MyCar атынан немесе MyCar Серіктестерінің

атынан өзге де мәліметтерді ұсыну.

- MyCar жарнамалық қызметін жүзеге асыру, оның ішінде жарнамалық науқандар өткізу, Сіз жарнамалық акцияның немесе сыйлықтар ойынының жеңімпазы болған, не өзге де түрде MyCar немесе Серіктес тарапынан марапатталған жағдайда, Сіздің бейнеңіз бен атыңызды қамтитын MyCar жарнамалық материалдарын MyCar немесе Серіктестердің әлеуметтік желілерінде орналастыру;
- Сізге өнімдерді, жаңартуларды және қызметтерді алу мақсатында Сайтпен және/немесе Мобильді қосымшамен интеграцияланған MyCar Серіктестерінің сайттарына немесе қызметтеріне қолжетімділік беру;
- MyCar көрсететін қызметтердің, ұсынылатын жұмыстардың сапасын жақсарту;
- MyCar статистикалық және өзге де зерттеулерді иесіздендірілген деректер негізінде жүргізу;
- MyCar-дың біздің аффилирленген компанияларымыздың қызметін талдау, маркетингтік зерттеулер, аудит, жаңа өнімдерді әзірлеу, жұмысымызды жетілдіру, тауарларымыз бен қызметтерімізді/жұмыстарымызды жақсарту, пайдалану үрдістерін анықтау, жарнамалық науқандарымыздың тиімділігін анықтау, сондай-ақ Пайдаланушылардың қанағаттану дәрежесін бағалау және оларға қолдау көрсету сияқты қызмет түрлерін жүзеге асыруы үшін;
- Сайттың/Мобильді қосымшаның жаңа сервистерін құру, Сайттың/Мобильді қосымшаның жұмысын жақсарту және Пайдаланушылар мен Жеткізушілердің/MyCar Серіктестерінің өзара іс-қимылы;
- Пайдаланушының қалауына сәйкес келетін мақсатты жарнамалық ұсыныстарды ұсыну;
- Сайттың/Мобильді қосымшаның үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету үшін Сіз пайдаланатын әртүрлі құрылғыларды байланыстыру;
- Сайтты/Мобильді қосымшаны ұйымдастыру, құрылымдау, дерекқорын құру және пайдалану;
- Сайттың/Мобильді қосымшаның жұмысын жақсарту және Пайдаланушылардың қызығушылықтары мен пікірлері негізінде Сайттың жаңа функциялары мен сервистерін құру мақсатында Пайдаланушылардың мінез-құлқына сауалнама, сұрақнама, зерттеу және талдау жүргізу;
- Алаяқтықты немесе өзге де құқыққа сыйымсыз әрекеттерді болдырмау, анықтау және оларға қарсы күрес;
- Сайттың/Мобильді қосымшаның жұмысындағы ақауларды жою және т.б.

3. Дербес деректердің тізбесі

3.1. Біз Дербес деректерді құрайтын мынадай ақпаратты жинаймыз:

- Сайтты/Мобильді қосымшаны шолу кезінде оның бағдарламалық жасақтамасымен автоматты түрде жиналатын техникалық ақпарат;
- Сіз тиісті нысанды толтырған кезде ұсынатын ақпарат немесе MyCar Пайдаланушымен тікелей байланыста болған кезде не Пайдаланушы Сайт пен Мобильді қосымша интеграцияланған мемлекеттік сервистерді пайдаланған кезде алатын ақпарат;
- Сіздің Дербес деректеріңіз және MyCar Серіктестерінің немесе MyCar-дың өздерінің Сіздің алдыңыздағы міндеттемелерін орындау мақсатында біз MyCar Серіктестерінен алатын өзге де ақпарат;
- Өзге ақпаратты Сіз өз қалауыңызға қарай бересіз.

3.1.1. Техникалық ақпарат

Сіз Сайтты/Мобильді қосымшаға кірген кезде Сайттың/Мобильді қосымшаның әкімшілігіне сервердің стандарты тіркеу журналдарынан (server logs) автоматты түрде ақпарат қолжетімді болады, атап айтқанда:

- Сіздің құрылғыңыздың IP-мекенжайы (немесе ол Интернетке кіру үшін пайдаланылатын болса, прокси-сервердің IP-мекенжайы);

- Интернет-провайдердің аты;
 - Домен атауы;
 - браузер және операциялық жүйе түрі;
 - Сіз Сайтқа/Мобильді қосымшаға өткен сайт туралы ақпарат;
 - Сіз баратын Сайт/Мобильді қосымша парақшалары туралы ақпарат;
 - Осы кірулердің күні мен уақыты, файлдар;
 - Пайдаланушының Сайттағы/Мобильді қосымшадағы аккаунты пайдалану туралы, Сайттағы/Мобильді қосымшадағы сатып алу белсенділігі туралы, сатып алынатын тауарлар туралы, тауарларға, брендтерге қатысты артықшылықтары туралы деректер;
 - MyCar Серіктестерінен тауар сатып алу/қызмет алу тарихы;
 - Сіз Сайтты/Мобильді қосымшаны пайдаланатын құрылғылар туралы деректер, оның ішінде: аппараттық және бағдарламалық жасақтама туралы ақпарат, құрылғылардың идентификаторлары, Интернет-қосылу туралы, құрылғыңыздың орналасқан жері туралы ақпарат (GPS, Bluetooth, Wi-Fi), қосымшалардың, cookie файлдарының деректері және басқалары;
 - Сіз Цифрлық растама ретінде пайдаланатын құпия сөздер, кодтар, өзге де идентификаторлар;
 - Сіздің Байланыс орталығына өтініштеріңіздің жазбалары, Сіздің Сайттағы/Мобильді қосымшадағы MyCar-мен хат алмасуыңыз (кері байланыс).история приобретения Товаров/получения услуг у Партнеров MyCar;
- Бұл ақпаратты Сайтқа/Мобильді қосымшаға кіруді талдау үшін зерттейміз және оны жақсарту мен дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеу кезінде пайдаланамыз. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы талап еткен жағдайларды қоспағанда, Сіздің IP-мекенжайыңыз мен Сіздің дербес ақпаратыңыз арасындағы байланыс үшінші тұлғаларға ешқашан ашылмайды.

3.1.2. Дербес деректер

Пайдаланушы өзігінен немесе оның мемлекеттік дерекқорға жүгінуі салдарынан ұсынатын дербес деректер:

- Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);
- Туған күні мен жері;
- Жынысы;
- Жеке сәйкестендіру нөмірі;
- Байланыс деректері: тұрақты тіркеу орнының мекенжайы, уақытша тіркеу орнының мекенжайы, байланыс телефондары, электрондық пошта мекенжайы;
- Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері: құжаттың атауы, құжаттың нөмірі, құжаттың берілген күні, құжаттың қолданылу мерзімі, құжатты берген орган;
- Демографиялық мәліметтер (жасы, туған күні, айы және жылы, жынысы, отбасы жағдайы, жұмыспен қамтылу саласы);
- Портреттік сурет, бейнематериалдар (фотосурет);
- Биометриялық деректер;

3.1.3. Өзге көздерден алынатын деректер

MyCar басқа көздерден, соның ішінде MyCar Серіктестерінен алатын дербес деректер:

- Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда);
- Туған күні мен жері;
- Жынысы;
- Ұлты;
- Жеке сәйкестендіру нөмірі;
- Байланыс деректері: тұрақты тіркеу орнының мекенжайы, уақытша тіркеу орнының мекенжайы, байланыс телефондары, электрондық пошта мекенжайы;
- Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері: құжаттың атауы, құжаттың нөмірі, құжаттың берілген күні, құжаттың қолданылу мерзімі, құжатты берген орган;

- Портреттік сурет, бейнематериалдар (фотосурет);
- Биометриялық деректер;
- Пайдаланушыны сипаттауға қабілетті, кез келген көздерден MyCar алған Пайдаланушының өзге де арнайы иесіздендірілген деректері.

4. Тараптардың міндеттемелері

4.1. Пайдаланушы міндетті:

- бізбен немесе біздің Серіктестерімізбен мәмілені (шартты, өтінімді, тапсырыс-құжатты және өзге нысанда) тіркеу және/немесе жасасу, бізге немесе біздің Серіктестерімізге кез келген өтінімдер мен сұрау салуларды жіберу мақсатында қажетті ақпарат пен Дербес деректерді ұсыну;
- осы ақпарат өзгерген жағдайда ұсынылған Дербес деректерді қысқа мерзімде жаңарту, толықтыру. Пайдаланушы Дербес деректердегі өзгерістер туралы хабарламаған немесе уақтылы хабарламаған жағдайда, MyCar мұндай хабарламаудың немесе уақтылы хабарламаудың болмауының салдарынан туындаған кез келген қолайсыз салдарлар үшін жауапкершіліктен босатылады;
- Сайтта/Мобильді қосымшада хабарландыруларды орналастыру кезінде Пайдаланушы келісімінде көрсетілген қағидаларды қатаң сақтау.

4.2. Біз міндеттіміз:

- Алынған Дербес деректерді тек осы Саясатта көрсетілген мақсаттар үшін және ҚР қолданыстағы заңнамасының нормаларына сәйкес пайдалану;
- Дербес деректердің сақталуын қамтамасыз ету;
- Қолданыстағы іскерлік айналымда осы түрдегі ақпаратты қорғау үшін әдетте қолданылатын тәртіпке сәйкес Пайдаланушының Дербес деректерінің құпиялылығын қорғау үшін сақтық шараларын қолдану.

5. Дербес деректерді алу тәсілдері. Дербес деректерді қорғау

5.1. Біз Дербес деректерді мынадай тәсілдермен жинаймыз:

- тікелей Сізден немесе Сіз уәкілеттік берген өкілдерден, соның ішінде Сіздің мемлекеттік дерекқорлардан Дербес деректерді алу және оларды кейіннен Сайтқа/Мобильді қосымшаға жүктеу жағдайларын, сондай-ақ мемлекеттік дерекқорлардан алынған Дербес деректеріңізді Сіз толтыратын нысандарға, сауалнамаларға, сұрау салуларға енгізу мақсатында MyCar-ға өкілеттік беруді қоса алғанда;
- браузер немесе Пайдаланушы құрылғысы арқылы;
- басқа көздерден, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей: жалпыға қолжетімді дерекқорлардан; бірлескен маркетингтік және (немесе) қаржы-шаруашылық қызмет жөніндегі серіктестерден; бізде немесе сізде шарттық қатынастары бар банктерден, сақтандыру компанияларынан және (немесе) өзге де қаржы ұйымдарынан; ұялы байланыс операторларынан, сондай-ақ өзге де үшінші тұлғалардан

5.2. Мы Біз Пайдаланушылардың Дербес деректерін қорғау үшін барлық қажетті техникалық және ұйымдастырушылық сақтық шараларын қолданамыз. Дербес деректерге қол жеткізуді қажет ететін жұмыс функцияларын орындауы қажет MyCar жұмысшылары ғана Пайдаланушылар туралы тиісті ақпаратқа қол жеткізе алады.

5.3. Сіз өз құрылғыларыңыз бен есептік деректеріңізді қауіпсіз сақтауға немқұрайлы қараған жағдайда, үшінші тұлғалардың оларға рұқсатсыз қол жеткізуі мүмкін екенін түсінуіңіз және қабылдауыңыз тиіс. MyCar мұндай қолжетімділік салдарынан туындаған залалдар (соның ішінде шығын мен жоғалған пайда) үшін жауапкершілік көтермейді. Біз Сізге цифрлар мен әріптерден тұратын күрделі құпия сөздерді пайдалануды ұсынамыз. Құпия сөздерді, кодтарды және өзге де идентификаторларды ешкімге бермеңіз.

5.4. Біз Сізден Дербес деректеріңізге қатысты, соның ішінде интернет арқылы

алаяқтық пен «фишингтен» қорғану үшін өз құрылғыларыңыз бен деректеріңізді қорғауға тиісті шаралар қабылдап, абай болуыңызды сұраймыз.

5.5. Сіздің Дербес деректеріңізді қорғау Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына, меншік иесінің және (немесе) оператордың, сондай-ақ үшінші тұлғаның дербес деректерді қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру қағидаларына (Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 12 маусымдағы № 179/НҚ бұйрығымен бекітілген, өзгерістер мен толықтырулармен) және біздің ішкі нормативтік құжаттарымызға қатаң сәйкестікте жүзеге асырылады.

6. Дербес деректерге қол жеткізу

6.1. Пайдаланушының Дербес деректеріне MyCar-дан (олардың жұмысшылары атынан) басқа мынадай тұлғалар қол жеткізе алады:

- MyCar аффилирленген тұлғалары;
- MyCar Сервистерін пайдалана отырып сатылатын тауарларды (автомобильдерді, қосалқы бөлшектерді, аксессуарларды және басқаларды) өндірушілер мен сатушылар (және олардың уәкілетті өкілдері), MyCar Серіктестері;
- MyCar Сервистерін пайдалана отырып Пайдаланушыларға қызмет көрсететін Серіктестер;
- осы Саясаттың 2-бөлімінде көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін үшінші тұлғалар. Мұндай тұлғаларға мыналар жатуы мүмкін (қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей):

✓ банктер, сақтандыру компаниялары және өзге де қаржы мекемелері;

✓ бізге Сайтымыз бен Мобильді қосымшамыздың жұмыс істеуі және оны мазмұнмен толықтыру үшін қажетті қызметтер көрсететін сайттар мен қосымшалардың иелері;

✓ MyCar шарттық қатынастарда тұрған жарнама берушілер және (немесе) жарнама таратушылар, байланыс операторлары және өзге де компаниялар.

6.2. Пайдаланушылардың Дербес деректері мынадай тұлғаларға да берілуі мүмкін:

- өздеріне қатысты құқықтар немесе міндеттер берілген немесе тиісті келісім бойынша жаңашылдық жасалған үшінші тұлғаларға;
- кез келген қазақстандық және (немесе) халықаралық реттеуші органға, құқық қорғау органдарына, атқарушы билік органдарына, басқа да ресми немесе мемлекеттік органдарға немесе соттарға, оларға қатысты тиісті сұрау салу бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ақпарат беруге біз міндетті болатын;
- Сізге тиісті тауарды ұсыну, қызмет көрсету, жұмысты орындау немесе Сізбен жасалған белгілі бір келісімді немесе шартты орындау үшін Дербес деректерді беру талап етілсе, үшінші тұлғаларға;
- Сіз Пайдаланушы келісімін, осы Саясатты, Сізбен жасалған шарттың талаптарын бұзған кезде немесе осындай бұзушылық қаупі бар жағдайда, Дербес деректерді тиісінше сақтауды, MyCar немесе үшінші тұлғаларды құқықтық қорғауды қамтамасыз ету мақсатында кез келген үшінші тұлғаға;
- MyCar-мен тиісті шарттар жасасқан үшінші тұлғаларға.

6.3. Сізге хабарлаймыз: Сайтта және/немесе Мобильді қосымшада Пайдаланушы келісіміне сәйкес хабарландыру, түсініктеме немесе өзге де мәліметтерді жалпыға қолжетімді бөлімдерде орналастыру кезінде, хабарландыруда көрсеткен мәліметтеріңіз, соның ішінде байланыс деректеріңізді қоса алғанда, бүкіл әлем бойынша шектеусіз адамдар тобына қолжетімді болатынын түсінесіз және онымен келісесіз. MyCar мұндай мәліметтердің тек қана Сайттың/Мобильді қосымшаның

функционалын пайдалану мақсатында ғана қолданылатынына кепілдік бермейді, сондай-ақ үшінші тұлғалардың мұндай мәліметтерді Сайтты/Мобильді қосымшаны пайдалануға байланысты емес мақсаттарда көшіру және өңдеу жөніндегі әрекеттері үшін жауапкершілік көтермейді.

6.4. Сайтта/Мобильді қосымшада Мәліметтерді орналастыра отырып, Сіз оларды орналастыруға тиісті құқықтарыңыз бен өкілеттіктеріңіз бар екенін растайсыз.

6.5. MyCar Сіз Сайтта/Мобильді қосымшада орналастырған деректер мен Мәліметтердің дұрыстығы мен заңдылығы үшін ешқандай жауапкершілік көтермейді. Біз Пайдаланушы Сайтта/Мобильді қосымшада орналастыратын барлық деректер мен Мәліметтерді олардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және осы Саясат пен Пайдаланушы келісімінің ережелеріне сәйкестігі тұрғысынан тексермейміз және тексерудің техникалық және нақты мүмкіндігі жоқ, өйткені мұндай тексеру Сайттың/Мобильді қосымшаның жұмыс істеуін мүмкін етпейді. Алайда, MyCar мұны кез келген уақытта өз қалауы бойынша жасауға құқылы.

6.6. Даулы жағдай туындаған жағдайда, Пайдаланушы орналастырған деректер мен Мәліметтердің ешкімнің құқығын бұзбайтынын дәлелдеу ауыртпалығы осындай Пайдаланушыға жүктеледі.

7. Дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім беру

Пайдаланушы Сайтта/Мобильді қосымшада «Далее» батырмасын басу арқылы MyCar-ға өзінің Дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісім береді, ол арқылы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 152, 394, 396-баптарына сәйкес Пайдаланушы осы Саясатқа қосылады және осы Саясатқа №1 қосымша болып табылатын Дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім береді.

8. Дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімді кері қайтарып алу

8.1. Пайдаланушы Құпиялылық саясатына, Пайдаланушы келісіміне немесе MyCar-мен өзге де шартқа/келісімге сәйкес қабылданған орындалмаған міндеттемелер болмаған жағдайда, өзінің Дербес деректерін MyCar-ға жинауға және өңдеуге берген келісімін кері қайтарып алуға құқылы. Кері қайтарып алу жазбаша нысанда ресімделіп, 050060, Алматы қаласы, Розыбакиев көшесі, 263-үй мекенжайы бойынша тапсырыс хатпен немесе курьермен жіберіледі. Көрсетілген кері қайтарып алуды алған сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде MyCar тиісті Пайдаланушыны Пайдаланушылар қатарынан шығару, Пайдаланушының аккаунты мен жеке кабинетін жою, Пайдаланушының Дербес, биометриялық деректерін жою арқылы оның Дербес деректерін жинауды, өңдеуді және пайдалануды тоқтатуға міндеттенеді.

8.2. Пайдаланушы MyCar және/немесе MyCar серіктестерінен жарнамалық хабарламалар алуға өз келісімін кері қайтарып алуға құқылы. Кері қайтарып алу жазбаша нысанда ресімделіп, 050060, Алматы қаласы, Розыбакиев көшесі, 263-үй мекенжайы бойынша тапсырыс хатпен немесе курьермен жіберіледі. Көрсетілген кері қайтарып алуды алған сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде MyCar Пайдаланушыны Пайдаланушылар қатарынан шығару, Пайдаланушының аккаунты мен жеке кабинетін жою, Пайдаланушының Дербес, биометриялық деректерін жою арқылы оған жарнамалық хабарлар жіберуді тоқтатуға міндеттенеді.

8.3. Дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімді кері қайтарып алуға қарамастан, Пайдаланушы кез келген уақытта MyCar орналастырған немесе өңдейтін өзінің Дербес деректерін, оларды алу негізіне қарамастан, жоюды, анонимдеуді немесе оларды өңдеуді шектеуді талап етуге құқылы, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, 050060, Алматы қаласы, Розыбакиев көшесі, 263-үй мекенжайына жазбаша өтініш жіберу арқылы. MyCar мұндай талапты Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен орындауға міндеттенеді, бұл ретте Дербес

деректерді сақтау үшінші тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, сот актілерін орындау, мұрағаттық сақтауды қамтамасыз ету немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздерді іске асыру үшін қажет болатын жағдайлар бұған кірмейді.

9. Қорытынды ережелер

9.1. Біз Сіздің Дербес деректеріңізді ол жиналған мақсатқа жету үшін немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау үшін қанша уақыт қажет болса, сонша уақыт сақтаймыз, бірақ Сіз MyCar-мен жасасқан шарттар мен өзге де келісімдердің қолданылуы аяқталған жағдайда, Сіз Сайттағы/Мобильді қосымшадағы аккаунтқа соңғы барған сәттен бастап 3 (үш) жылдан аспайтын мерзім ішінде сақтаймыз. MyCar Серіктестері Пайдаланушылармен өзара іс-қимыл шеңберінде жіберген құжаттардан MyCar алған құжаттар мен мәліметтер (мысалы, кепіл/лизинг шарты туралы ақпарат (кепіл/лизинг шартының атауы, нөмірі, қол қойылған күні, автокредит ресімделген Банктің ЖСН/БСН, Шарттың ЖСН және т.б.) сіздің Дербес деректеріңіз сақталғандай шарттарда сақталатын болады. Бұл ретте тауарлар/қызметтер бойынша деректер (автомобильдің сәйкестендіру нөмірін (VIN), автомобильдің тіркеу деректерін, маркасын, моделін, құнын, автоның мемлекеттік нөмірін, шығарылған жылын, техпаспорттардың сериясы мен нөмірін, техпаспорттардың берілген күнін қоса алғанда), олардың құны, сапасы, сипаттамалары, сату мерзімі мен орындары, өнім берушілердің немесе көрсетілетін қызметті берушілердің таңдауы MyCar өз қалауы бойынша кез келген тәсілмен билік ете алатын иесіздендірілген статистикалық есептерді талдау және жасау үшін пайдаланылуы мүмкін.

9.2. Құпиялылық саясаты Дербес деректер мен ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету рәсімдеріне, сондай-ақ үшінші тұлғалардың, соның ішінде MyCar сайттарында сілтемелері бар үшінші тарап сайттарының қызметін қамтамасыз ететін үшінші тұлғалардың өзге де рәсімдеріне қолданылмайды және біз үшінші тарап сайттарындағы пайдаланушылардың ақпаратының құпиялылығы үшін жауап бермейміз. Сайтта/Мобильді қосымшада үшінші тарап сайттарына сілтемелерді көрсету біздің немесе біздің аффилирленген тұлғаларымыздың мұндай сайттарды мақұлдауын білдірмейді.

9.3. MyCar Серіктестері Пайдаланушылармен жұмыс істеу шеңберінде Пайдаланушылардың Дербес деректерін өңдеу кезінде алгоритмдік жүйелерді және (немесе) толығымен автоматтандырылған шешімдерді пайдалана алады. Аталған шешімдердің пайдаланылуы туралы ақпарат алу мақсатында Пайдаланушы Мобильді қосымша арқылы бастамашылық етілетін және Серіктестің цифрлық платформасында (цифрлық жүйесінде/цифрлық ресурсында) іске асырылатын тиісті процесс шеңберінде өзара іс-қимыл жасайтын Серіктеске тікелей хабарласуы тиіс.

9.4. MyCar Facebook, Apple, Google, Microsoft сияқты басқа компаниялардың және кез келген басқа қосымша әзірлеушілерінің, қосымша өнім берушілерінің, әлеуметтік медиа платформа қызметтерін жеткізушілердің, операциялық жүйе өнім берушілерінің, сымсыз байланыс қызметтерін жеткізушілердің және құрылғы өндірушілерінің ақпаратты жинау, өңдеу, пайдалану және ашу саясатына (соның ішінде деректерді қорғауды қамтамасыз ету тәртібіне), соның ішінде біздің пайдаланушылар басқа ұйымдарға қосымшалар немесе әлеуметтік желілердегі парақшалар арқылы (немесе осыған байланысты) ашатын Дербес деректерді қоса алғанда, жауапты емес.

9.5. Сайтты және/немесе Мобильді қосымшаны пайдалана отырып, Сіз біздің Сіздің құрылғыңызға cookie файлдарын орналастыра алатынымызбен, cookie файлдарын, IP-мекенжайларды сақтай алатынымызбен және оларға қол жеткізе алатынымызбен, сондай-ақ веб-сайтты пайдалану тәжірибеңізді жақсарту үшін

веб-сайтты пайдалану туралы Дербес деректерді жинау және өңдеу үшін өзге де әдістерді қолдана алатынымызбен келісесіз. Деректер Сіз кіретін сайтты, браузерді және құрылғы түрін пайдалану туралы ақпаратты, сондай-ақ Сіздің орналасқан жеріңізді қамтуы мүмкін.

9.6. Сіз бізге cookie файлдарын пайдалануға келісіміңізді бергеннен кейін, Сайтқа келесі кіруіңізде келісіміңізді есте сақтау үшін cookie файлын Сіздің компьютеріңізде немесе құрылғыңызда сақтаймыз. Сіздің келісіміңіздің мерзімі кезең-кезеңімен аяқталады (және барлық жағдайларда 13 ай ішінде). Егер Сіз кез келген уақытта келісіміңізді кері қайтарып алғыңыз келсе, интернет-браузеріңіздің параметрлерін пайдаланып cookie файлдарын жоюыңыз қажет.

9.7. MyCar осы Саясатқа Пайдаланушының келісімінсіз және оған хабарламай өзгерістер енгізуге құқылы. Пайдаланушы Саясаттың жаңартылған нұсқасымен танысу жауапкершілігін өз мойнына алады. Саясатқа енгізілген өзгерістер, Саясаттың жаңа редакциясында өзгеше көзделмесе, ол Сайтта орналастырылған кезден бастап күшіне енеді.

9.8. Егер біз жинаған ақпараттың 18 жасқа толмаған тұлғадан алынғанын білсек, біз мұндай ақпаратты неғұрлым қысқа мерзімде жоямыз және мұндай тұлғаның тиісті веб-ресурсқа кіруіне тыйым сала аламыз.

9.9. Саясатқа және Саясатты қолдануға байланысты туындайтын Пайдаланушы мен MyCar арасындағы қатынастарға Қазақстан Республикасының құқығы қолданылады.

9.10. Пайдаланушылардың Дербес деректерін жинау, өңдеу және сақтау кезінде MyCar Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңын басшылыққа алады.

9.11. Осы Саясатқа қатысты барлық сұрақтармен, түсініктемелермен және ескертулермен бізге хабарласуыңызды сұраймыз. Пайдаланушы бізге мыналар туралы хабарлауға құқылы:

- болашақта бізден өтініштер (хабарламалар) алғысы келмейтіні туралы;
- бізде өзі туралы қандай ақпарат бар екенін білгісі келетіні, өзінде сақталатын Дербес деректерінің көшірмесін алғысы келетіні туралы (мұндай сұралған ақпаратты ұсыну кезінде пошта шығындарын өтеу және ақпаратты іздеу мен өңдеу жөніндегі жұмыстарға ақы төлеу үшін әкімшілік алым алынуы мүмкін);
- бізде сақталатын өзінің мына немесе басқа Дербес деректерін дәл емес, толық емес, өзекті емес немесе маңызы жоқ деп есептейтіні туралы;
- Саясаттың кез келген бұзылуы туралы.

9.12. MyCar-дың жауапкершілігі, MyCar-дың залал келтірудегі кінәсі сот тәртібімен анықталған жағдайда, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 350-бабына сәйкес құжатпен расталған нақты залалмен шектеледі. Бұл ретте дәлелдеу ауыртпалығын Пайдаланушы көтереді.

ПОЛИТИКА КОНФИДЕНЦИАЛЬНОСТИ

Вводная часть

Товарищество с ограниченной ответственностью «MyCar Group», БИН: 191140031171 (далее – «MyCar» или «мы»), с большим уважением относится к Вашему праву на неприкосновенность частной жизни, и с полной ответственностью принимает на себя обязательства в отношении защиты Ваших Персональных данных. Мы гарантируем Вам, что предпринимаем все законные средства и меры с целью обеспечения безопасности Ваших Персональных данных и заявляем о том, что используем их в целях, предусмотренных настоящей Политикой конфиденциальности (далее – «Политика»).

Настоящая Политика объясняет, как именно мы собираем, используем и передаем Персональные данные (согласно определению, приведенному в настоящей Политике). Важно помнить, что настоящая Политика — неотъемлемая часть Пользовательского соглашения (далее — «Соглашение»), размещенного и/или доступного в сети Интернет по адресу: [http:// mycar.kz/terms_of_use.pdf](http://mycar.kz/terms_of_use.pdf), а также других заключенных с Вами договоров (в том числе, в форме заявок, соглашений и тому подобное), или договоров, которые могут быть заключены с Вами.

Пользуясь настоящим сайтом или мобильным приложением MyCar, Вы выражаете свое согласие с Политикой, и по своей воле и в своих интересах даёте согласие на сбор, запись, а также обработку Ваших Персональных данных способами, предусмотренными Политикой. В случае несогласия с условиями Политики конфиденциальности Вы должны прекратить пользование Сайтом и Мобильным приложением MyCar.

Настоящая Политика может быть изменена в любое время без предварительного уведомления, по усмотрению MyCar, в связи с необходимостью либо в соответствии с требованиями действующего законодательства Республики Казахстан.

1. Термины и определения

